Мерей ауылдық округі Тоғайлы елді-мекенінің жергілікті қауымдастық жиналысының
№9 хаттамасы

Тоғайлы ауылы **3 қараша 2025 жыл**

Төрағасы: Т.Утепов
Хатшы: Д.Қуанышева
Жиналыс мүшелерінің саны: 7 адам
Жүргізеді:
Тоғайлы елді-мекенінің жергілікті қауымдастық төрағасы – Т.Утепов

Бүгінгі жиналысқа жергілікті қоғамдастық мүшелерінен 7 адам (тізімі жалғанады) қатысып отыр. Жиналысты өткізуге жергілікті қоғамдастық мүшелерінің саны жеткілікті. (Жергілікті қауымдастық мүшелері және ауылдық округ әкімі аппаратының қызметкерлері).

Күн тәртібі:

Тоғайлы елді мекенінің қатты тұрмыстық қалдықтар алаңын жинау.
(Хабарламашы – З.Магзомов Мерей ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы)

Дауысқа қоямын.

- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 7 адам.

Барлықтарыңыз бір ауыздан ұсынысымды қолдап, қабылдадыңыздар олай болса күн тәртібі бекітілді. Сөз сөйлеймін деушілер болса рұқсат.

Сөйлеушілер:

1. **Мерей ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы З.Магзомов:**

- 2025 жылға Тоғайлы елді мекенінің қатты тұрмыстық қалдықтар алаңын жинау жұмыстары жоспарда тұр. Тоғайлы тұрғындары ұсынысымен, тәжіребиесі мол жергілікті «M-PROEKT SERVIS» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту жіберуді қалаймыз.

2. ауыл тұрғыны Б.Куспангалиев:

- Ауылдың қоқыс төгетін алаңын ауылдастар дұрыс қолданбайды. Үнемі сыртына төгіп кетеді. Ішінде сыртына жинау керек. Қатты тұрмыстық қалдықтарын жинақтау қажет. Ретке келтіріп берсе жақсы болады.

Буртавания жасаса дұрыс болады. 2026 жылға орын босатып қою керек. Ауа райы мүмкіндік беріп тұрғанда жасап кетсе дұрыс болар еді.

Сөйлеушілер болмаса шешім қабылдансын:
Тоғайлы елді-мекенінің жергілікті қауымдастық жиналысының шешімі:
Жоғарыда айтылғандарды тыңдап, бірауыздан шешім қабылдансын.
«M-PROEKT SERVIS» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту.

Дауыска қоямын.

- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 7 адам.

Жиналыс шешімі бір ауыздан қабылданды. Олай болса Тоғайлы елді-мекенінің жергілікті қоғамдастық жиналысын жабық деп жариялаймын.

Жиналыс төрағасы **Т.Утепов**

Жиналыс хатшысы **Д.Қуанышева**